

**Ақсу негізгі мектебі
кітапханасының 2022-2023 оқу
жылындағы атқарылған
жұмыстар есебі**

Ақсу негізгі мектебі кітапханасының 2022-2023оқу жылындағы атқарылған жұмыстар есебі

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана.Кітап оқу жан дүниемізді байытады,жаңа технологиялар заманында да кітап адам ой-өрісіне ықпал жасап ,рухани азығы болып қала бермек.Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс-шаралар ұйымдастыру.Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу-тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету.

Оқу жылының басында оқулықтар таратылып,оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі-мектеп кітапханасы.Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас.Ол-мектептің жүрегі,ажырамас бір белгі іспетті.Мынау келген жаңа заман – компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген,көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті шаңырағы –кітапхана.Кітап-біздің рухани құндылығымыз,теңдесі жоқ байлығымыз.Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жастар мен балаларды тәрбиелеудегі тәрбие процесіндегі барлық субъектілердің ерекшеліктерін қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде біртұтас әрекетті қалыптастыру.

Міндеті. 1.Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан-жақты сұранысын қанағаттандыру,оларды оқуға тарту,ынталандыру. 2.Кітапты ұқыпты ұстап, ақпарат көздерін бүлдірмеуге үйрету,тәрбиелеу.

«Кітап-білім бұлағы,білім-өмір шырағы» бұл сөзден көп ойларды тоқуға болады.Кітапханадан оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады.Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100%-ы оқулықпен қамтамасыз етілді.

1-сыныпқа 100% - 3комплект оқулық.2-сыныпқа100%-5комплект.3-сыныпқа 100% -6 комплект,4-сыныпқа 100% - 8 комплект,5-сыныпқа 100%-3 комплект,6-сыныпқа 100%-6комплект,7-сыныпқа 100%-6комплект,8-сыныпқа 100% -4 комплект,9-сыныпқа - 3комплект, оқулық таратылды.

Мектепте 45 оқушы болса,соның барлығы оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мектеп кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамаыз етумен ғана шектелмейді,сонымен қатар мұғалім дермен тығыз байланыста болып,әртүрлі іс-шаралар, байқаулар және кітап көрмелері ұйымдастырылып отырады.

Білім күні

1-қыркүйек күні білім күніне орай кітапханада білім күніне арналған «Білімнің тамаша елі» атты ойын сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар өз ара білімдерін жетілдіру барысында жұмбақ жарыстырып, мақал мәтелдер айтып жарысты. Осы ойын сағаты барысында балалар өздерінің білімдерінің жақсы екендігін ойын барысында көрсете білді. Сондай ақ «Білім сыйлайтын кітаптар » атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмедегі кітаптарға шолу жасау арқылы балалардың білімдерін жетілдіруге көмектесетін кітаптар екені айтылды. екені айтылды.



Кітапхана отбасын қолдауда отбасылық оқуды және отбасылық бос уақытты ұйымдастыруға көмек.

10 қыркүйек күні кітапханада «**Бақытты отбасы мектебі**» атты әңгімелеу сағаты ұйымдастырылды. Өздерінің қызықты кітаптары туралы да баяндалды. Өсіресе балалар өздерінің кітаптан алған әсерлерімен бөлісті. «отбасымен кітап оқудың маңызы зор, себебі өзінді де, балаларды да рухани бай қыласың және балаларды білімді етіп тәрбиелеуде, туған елін, жерін құрметтеуге көп септігін тигізеді»- деді әңгіме



Қазақстан халықтарының тілдері күні

Мемлекеттік тілді сақтау, дамыту және насихаттау.

14 қыркүйек күні «**Тіл-асыл қазына**» атты білгірлер турнирі өтеді. Бұл турнирдің мақсаты ана тілі туралы кең түсінік бере отырып, тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл-сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту. Іс-шара 5 кезеңнен тұрады.

1. «Сәлем сөздің айнасы» - таныстыру.
2. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» - мәнерлеп оқу.
3. «Мақал сөздің мәйегі» - мақал айту сайысы.
4. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» - жұмбақ сайысы.
5. «Өнер алды қызыл тіл»



Қарттар күні

30 қыркүйек күні қарттар күніне орай кітапханада «Даналық көңіл мен махаббат мерекесі» атты әдеби – музыкалық кеш ұйымдастырылды. Кешке зейнеткерлер Умарова Х.С мен Есімсеитова Л.С шақырылды. Кеш барысында қонақтарға арнап жақсы тілектер айтылды, сыйлықтар таратылып , оқушылар өздерінің зейнеткерлерге деген құрметтерін өлең оқып, ән айтып білдірді. 8-сынып оқушысы Мусина Г М.Жұмабаевтың «Әже» өлеңін оқыса, балалар «Әже туралы ән» атты әнді орындады..



Тәуелсіздік күні

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай кітапханада үш бөлімнен тұратын «Жеңіс туы желбіре», «Ұлы даланың ұлылары», «Бабадан жеткен аманат» және «Мәңгілік ел-мәңгілік тарих» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге «Еліне елеулі Елбасы», Т.Боранғалиұлының «Ғасырға сыр», «Алаш жолы», «Соңғы репрессия», Қ.Аймаханның «Тәуелсіздік желтоқсаннан басталады», Қ.Сұлтановтың «Қазақтың жаңа дәуірі» және тәуелсіздікке арналған кітаптар қойылды.



Ауғаныстан.

15 ақпан күні кітапханада «Ауғаныстан сен менің есімде және жүрегімдесің» атты ерлік сағаты ұйымдастырылды. Шараға тарих пәні мұғалімі мен мектеп оқушылары катысты. Жыл ма, жыл ақпанның 15 күні біз Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста өрімдей жас жігіттер жазқықсыздан, жазықсыз құрбан болды. Ауған соғысының қандық қырылынан аман есен оралғанымен, жандары жаралы Қазақстандық ардагерлер арамызда жүр. Ата-баба рухына дақ түсірмей, елге абыроймен оралды. Майдан даласында жанқиярлық пен Қаһармандығы

үшін 10мыңдаған Қазақстандық орден медальдермен марапатталды деп баяндады кітапханашы Смаилова Ш.А Ал оқушылар Ауған соғысы туралы оқыған кітаптарынан, көрген киноларынан жауынгерлердің ерліктерін айтып алған әсерлерімен бөлісті. Сондай-ақ «Ауған тарихы» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге ақпараттық материалдар қойылды.



Халықаралық әйелдер күні.

Әйел қауымының құрметіне 5 наурыз күні мектеп ұжымымен бірлесе отырып «**Әйелге береке**» атты мереке ұйымдастырылады. Мерекеде қыздарды, аналарды, әжелерді құттықтау, әннен шашу шашылып, би билеп көтеріңкі көңіл күй сыйланды. Сонымен қатар мұғалім Канапин.Д.А шараға қатысушыларды мереке күнімен құттықтады. Сондай-ақ «Ана-өмірдің гүлі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Наурыз

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты насихаттау барысында 20 наурыз күні кітапханада мектеп ұжымымен бірлескен **«Наурыз мейрамының керемет мерекесі»** атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылады. Мерекелік іс-шарада мектеп оқушылары ұлттық киімдерін киіп, өз өнерлерін көрсетті. Қазақтың билері биленіп, наурыз туралы тақпақтарын оқыды. Туленова Сабина мен Балғожина Дина домбырада күй орындап берді. Какжанова Аружан мен Қажығалиева Айзат «Қамажай» биін биледі. Шарада қазақтың салт-дәстүрлерінен көрініс көрсетілді. Наурыз көже таратылды. Би билеп, ән шырқап оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Сондай-ақ «Наурыз-көктем үміт мерекесі» атты ұлттық нақышта көрме ұйымдастырылды.



Денсаулығы шектеулі адамдармен жұмыс

Мейірімділік.

Адам бойындағы мейірімділік қасиетінің ішкі мән-мағынасын саналы ұғынып, адамгершілік қасиеттерге баулу мақсатында 21 сәуір күні кітапханада **«Мейірімділік жүректерден кетпейді»** атты байланыс сағаты ұйымдастырылды.

Шара барысында кітапханашы Смаилова Ш.А мейірімділік- ол қайырымдылық, қамқорлық, адамгершілік, имандылық, бауырмалдылық деп атап өтті. Оқушыларға мейірімділік деген сөзді қалай түсінесіңдер дегенде оқушылар мейірімді адам болу үшін, адам ақылды, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі болуы керек, сонда сен өзінді және өзгені сыйлай алатын боласың деп жауап берді. Шараға денсаулығы шектеулі Төлегенова Мадина шақырылды және оған сыйлық жасалынды. Сонымен қатар **«Жүректі жылытар мейірімділік»** атты кітап көрмесі қойылды.



9 мамыр

Мақсаты: Ұлы Жеңістің 78 жылдық мерекесіне орай оқушыларды өз Отанын, елін, жерін сүйуге, қаһарлы күндердегі халқымыздың үлгі тұтарлық қасиетін мақтан ете отырып, тәуелсіз еліміздің туын биікке көтеруге, Қазақ елінің майданда және тылда көрсеткен ерен ерлігін құрметтеп, жас ұрпақты ұмытпауға, елжандылыққа, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.

«Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран»

тақырыбында мерекелік тізіліс болып, мектеп директорының орынбасары Абишева Айман Қасымқызы құттықтап сөз сөйледі. Тізілісте ҚР әнұраны орындалып, соғыста қаза болған Кеңес Одағының батырлары, сондай-ақ, ардагерлеріміздің аттары аталып, 1 минуттық үнсіздік жарияланды. Мерекелік тізіліс соңы патриоттық әндермен жалғасын тапты. Жиын барысында соғыс ардагерлерінің ерен еңбектері айтылып, залға қойылған соғыс жәдігерлері оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Мектеп алдындағы обелиск маңы абаттандырылып, тазарту жұмыстары жүргізілді.

